

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

ЗАҢ СЕРИЯСЫ
2022 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

ЮРИДИЧЕСКАЯ СЕРИЯ
ИЗДАЕТСЯ С 2022 ГОДА

ISSN 2958-8618

№ 4 (2024)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Юридическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ90VPY00046812

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация результатов научных исследований, актуальных проблем
в области права, привлечение внимания к перспективным
и актуальным направлениям юридической науки

Подписной индекс – 76199

<https://doi.org/10.48081/OGUI2654>

Бас редакторы – главный редактор

Жетписов С.К.,
д.ю.н., доцент

Заместитель главного редактора Олжабаев Б. Х., *к.ю.н., ассоц.профессор*
Ответственный секретарь Жамулдинов В. Н., *к.ю.н., ассоц.профессор*

Редакция алкасы – Редакционная коллегия

Биштыга А.,	<i>доктор PhD, профессор (Республика Польша)</i>
Зайцев О. А.,	<i>д.ю.н., профессор (Российская Федерация)</i>
Ахмеджанова Г. Б.,	<i>д.ю.н., доцент</i>
Ишеков К.А.,	<i>д.ю.н., профессор (Российская Федерация)</i>
Дуйсенов Э. Э.,	<i>д.ю.н., профессор</i>
Дорожинская Е. А.,	<i>к.ю.н., доцент (Россия Федерация)</i>
Балымов Е. К.,	<i>доктор PhD,</i>
Аюпова З. К.,	<i>д.ю.н., профессор</i>
Омарова А. Р.,	<i>технический редактор</i>

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

FTAMP 10.71.35

<https://doi.org/10.48081/QZQE8891>***Н. Т. Санасыров**

«Нархоз» университетінің экономикалық колледжі,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-0871-1185>*e-mail: sanasyrov60@mail.ru**СОТТАҒЫ ПРОКУРАТУРА ОРГАНДАРЫНЫҢ
МЕМЛЕКЕТТІҢ МҮДДЕСІН БІЛДІРУІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

Мақалада прокуратура органдарының заманауи жүйесінде кадрларды іріктеу және орналастыру мәселелері қарастырылады. Прокуратура органдарына азаматтарды жұмысқа қабылдаудың жалпы тұжырымдамасы талданады, құқықтық және психологиялық аспектілерге назар аударылады. Қызметкерлерді прокурорлық лауазымдарға іріктеудің қалыптасқан практикасына, сондай-ақ болашақ прокурорлық қызметкерлер үшін психологиялық талаптарды тұжырымдайтын нормативтік құқықтық актілерге сыни талдау жүргізіледі. Прокуратура қызметкеріне құқықтық және психологиялық сипаттама беріледі, прокуратура органдары жүйесінде кадрларды қабылдау мен орналастырудың құқықтық және психологиялық мәселелерін шешуге бағытталған тұжырымдар мен ұсыныстар тұжырымдалады. Прокуратура органдарының конституциялық міндеттерінің бірі - қылмыстық істер бойынша сотта мемлекет мүддесін білдіру болып табылады. Олардың сот ісіндегі басты міндеті - қылмыстық іс бойынша талқылауды заңды және әділ жүргізуді қамтамасыз ету. Сотта сөйлеген сөзінде прокурор айыптау жағын ұстанбауы керек. Оның басты мақсаты – сотталушының кінәлі немесе кінәсіздігін анықтау. Барлық прокуратура органдары сотта іс қараудың және сотта мемлекеттік мүддені білдіру практикасын, заңдылықтың сақталу деңгейі мен прокурорлар ықпалының пәрменділігін қорытындылап, оның нәтижесі бойынша тиісті шешім алып отыруы, олардың жұмыстарын әрі қарай жоспарлауына оңтайлы көмек етеді.

Кілтті сөздер: Бас Прокурор, прокуратура органдары, қылмыстық іс, мемлекет мүддесі, қылмыстық іс жүргізу, прокурор, сот билігі

Кіріспе

Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабына сай прокуратура сотта мемлекеттің мүддесін білдіретіні баршамызға мәлім.

Прокурорлар сотта мемлекеттің мүддесін білдіре отырып, адамдар мен азаматтардың конституциялық құқықтарының қорғалуын қамтамасыз етеді. Конституцияның 76-бабында сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылалды және азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды, Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік-құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды делінген [1]. Ендеше сот пен прокуратура органдарының мақсаттары бір - сот процесінің әділ де, заңды өтуі, оның актілерінің заң талаптарына сай келуі. Сондықтан прокурорлардың сотта мемлекеттік мүддені білдіру, сот органдарының заңды қызметіне тікелей байланысты.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу мәселесі бойынша ғылыми және арнайы әдебиеттерге, зерттелетін тақырып бойынша нормативтік құжаттарға талдау, қолда бар халықаралық тәжірибені талдау және жалпылау жүргізілді. Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды: логикалық, тарихи, жүйелік.

Нәтижелер және талқылау

Жалпы сот жүйесі әр уақытта қоғам қажеттілігіне сай болуы және қызмет атқаруы тиіс. Іс жүзінде сот жүйесінде заңдарды қолдануда заңсыздыққа жол беру фактілері кездесуде. Сондықтан Қазақстан Республикасы прокуратура органдарына сотта мемлекеттің мүддесін білдіріп, заңсыздықтың алдын алуға, заңсыздықты анықтауға және оны жоюға шара қабылдау міндеттелген.

Прокуратураның қылмыстық істерді қарау кезінде заңдылықты қамтамасыз ету саласындағы міндеттері соттың міндеттерімен, мәнімен бірдей, ол әділ сот төрелігін жүзеге асырудан тұрады және іс жүргізу және заңды дұрыс қолдану. Оларды жүзеге асыру ең алдымен сенімді құқықтық негізге және бүкіл сот жүйесінің тиімді жұмыс істеуіне байланысты. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, елде сот төрелігін тек сот жүзеге асырады. Азаматтық, қылмыстық және өзге де заңдық нысандағы сот ісін жүргізу сот билігі арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» заңының 1-бабына сәйкес прокурор сотта мемлекеттің мүдделерін білдіреді. Алайда

прокуратураның бұл міндетін тура түсінуге болмайды өйткені адам мен азаматтың мүдделері екінші орында болмайды. Прокуратура сотта мемлекеттің мүдделерін қорғаумен бірге азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын бір уақытта қорғайды, өйткені жеке тұлғаның құқықтарын қорғау кез келген демократиялық мемлекеттің ажырамас міндеті. Іс жүргізу құқығының нормаларына сәйкес іс бойынша заңсыз сот актілерін белгілеу кезінде наразылық білдіріп қана қоймай және сол наразылық білдіру арқылы жауап беруге міндетті. Бұл жағдайда Қазақстан Республикасының ең жоғарғы заңы - ҚР Конституциясын басшылыққа алу керек. Себебі Конституция заң бұзушылықтарды анықтау және заң бойынша жою шараларын қабылдауды міндеттейтін тікелей акт. Прокурор мемлекеттік қылмыстық қудалауды қолдайды, бір жағынан қылмыстық қудалау функциясын орындайды, екінші жағынан оның сотта қатысуы істің ақиқатын анықтауға өз үлесін қосады және қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңдарын дұрыс қолдану, заңды және негізделген үкім шығару [1].

Соттардың істерді қарау кезінде прокурорларға келесі міндеттер жүктеледі:

– соттың істің мән-жайын объективті зерттеуде заңның талаптарын жан-жақты және толық қамтамасыз ету керек және сотқа іс бойынша заңды, негізделген және әділ шешім қабылдауға көмектесу;

– процестің барлық кезеңдерінде заң бұзушылықтарды жою шараларын уақтылы қабылдау;

– әрбір заңсыз және негізсіз сот актісіне уақтылы наразылық білдіру, сонымен бірге іс бойынша заңды, ақылға қонымды және дәлелді қорытынды беру;

– заңды күшіне енген сот актілеріне шағымдарды терең және мұқият қарау, наразылық білдіруден бас тартқан жағдайда, дәлелді қорытынды шығарып, шағым берген тұлғаға дәлелді жауап жіберу [2, 42-б.].

Прокурор құқық қорғау қызметін атқара отырып, өз міндеттерін қатаң түрде заңға сәйкес және Бас Прокурордың нұсқауларына сәйкес орындауға міндетті.

Аудандық және оған теңестірілген деңгейде сот актілерінің заңдылығын прокурордың орынбасарлары және осы мақсатта арнайы бөлінген аудандық прокурорлардың көмекшілері қадағалайды. Оның ішінде облыстық және оған теңестірілген прокуратурадағы прокурордың орынбасарлары мен тиісті басқармалар мен бөлімшелер. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасында басшылықты сот актілерінің заңдылығын қадағалау және сотта мемлекет мүдделерін білдіру департаменті атқарады. Департамент ведомстволық бағынысты прокуратуралардың жұмысын басқарып қана

коймай, сонымен бірге барлық жерде, төменде тұрған прокуратуралар арқылы нақты істерді қарау кезінде және бас прокуратураның басшылығымен бақылауға алынған жағдайларда заңдылықты қадағалайды [3, 158-б.].

Қазіргі уақытта аудандық және оған теңестірілген соттар бірінші сатыдағы соттар ретінде жұмыс істейді. Мамандандырылған соттардың қарауына жатқызылған қылмыстық істерді қоспағанда, аудандық сот және оған теңестірілген сот барлық қылмыстық істерге жатады. Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери соттардың қарауына жатқызылған жағдайларды қоспағанда, аса ауыр қылмыстардың қылмыстық істеріне жатады.

Облыстық және оған теңестірілген соттар апелляциялық және кассациялық сот қызметін атқарады. Апелляциялық шағымда облыстық және оған теңестірілген соттар апелляциялық шағымдардың (жеке) шағымдардың, аудандық және оған теңестірілген соттардың, көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың және сот отырысы кезінде судья тапсырған мамандандырылған ауданаралық соттардың заңды күшіне енбеген үкімдері мен шешімдеріне наразылықтар бойынша істерді қарайды [4, 183-б.].

Кассациялық тәртіпте облыстық сот және оған теңестірілген сот алқабилер сотында шығарылған заңды күшіне енбеген үкімдерге және қылмыстық істер бойынша мамандандырылған ауданаралық соттардың шешімдеріне қарсы кассациялық (жеке) шағымдар, наразылық істерін, сондай-ақ сондай-ақ облыстық және оған теңестірілген соттың апелляциялық іс бойынша шығарылған үкімдері мен шешімдері қарайды. (Қазақстан Республикасы Қылмыстық процесстік кодексінің 423-бабының 3-бөлігінде көрсетілген қаулыларды қоспағанда) [5].

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты қадағалау органының соты ретінде әрекет етеді, тараптардың өтініші бойынша және прокурордың наразылықтары бойынша істерді қарайды:

– Аудандық және оған теңестірілген соттар, қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар, қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери соттар, көмелетке толмағандарға арналған мамандандырылған ауданаралық соттар, әскери гарнизондық соттардың қорытынды үкімдер мен ережелері;

– Облыстық және оған теңестірілген соттардың заңды күшіне енген, апелляциялық істерді қарау кезінде шығарылған үкімдері мен шешімдері;

– Кассациялық тәртіппен облыстық және оған теңестірілген соттарда заңды түрде күшіне енген ережелер;

Барлық прокурорлар қадағалау саласына қарамастан мерзімді түрде істерді қарау кезінде сот жұмысына қатысуға міндетті [6]. Прокуратура органдарының қызметінде олардың деңгейіне қарамастан прокурорлық ісінде жұмысты дұрыс ұйымдастыру, тиімді формалары мен әдістерді қолдану басты орын алады. Жұмысты ұйымдастырудың маңызды аспектісі сот актісінің заңдылығы мен негізділігін тексеру болып табылады. Бірде-бір сот актісін бақылаусыз қалдырмау үшін сотта қаралған қылмыстық істер бойынша есепке алу журналын уақытында жүргізуге назар аудару қажет. Сот актілерінің заңдылығын қадағалайтын прокурорлардың жұмысын ұйымдастырудағы маңызды бағыт – сот актілерінің заңдылығын қадағалауды жүзеге асыратын органдар тиісті қорытындыларды жүргізу, сондай-ақ прокурорлық қадағалауды жүзеге асырудың деңгейі мен тиімділігін бағалау мақсатында осы жұмыстың барлық мәліметтерін тұтастай көрсететін тиісті есепке алуды жүргізу болып табылады.

Сот төрелігін жүзеге асырудың сапасын жақсарту үшін қылмыстық істердің уақтылы болуына, қарау мерзімдерінің сақталуына, сот ісін негізсіз тоқтата тұрудың немесе кейінге шегерудің себептерін анықтауға және жоюға бақылауды күшейту бойынша ұйымдастырушылық шаралар қабылдануы керек. Сот төрелігін жүзеге асырудағы заңдылықтың жай-күйін талдау нәтижелері прокурорлық қадағалауды жүзеге асырудағы кемшіліктерді жою, оның тиімділігін арттыру мақсатында жедел кеңесте талқылануы керек.

Прокурорлық қадағалаудың тиімділігін арттырудың маңызды тәсілі төменгі сатыдағы прокуратура органдарында мерзімді тексерістер жүргізу болып табылады, олар қадағалауды жүзеге асырудағы кемшіліктерді анықтап, жояды, сонымен қатар қадағалаудың жетілдірілген әдістерін және заң бұзушылықтарға прокурорлық ықпал етудің неғұрлым тиімді құралдарын ұсынады.

Мемлекеттік айыптаушылардың жыл сайынғы конкурстарын өткізу және олардың ішіндегі ең үздіктерін прокуратура басшысының бұйрығымен көтермелеу, айыптауды білікті қолдау мен шешендік өнердің үлгісі ретінде – мемлекеттік айыптаушылардың сөздерінің жинағы түрінде сотта прокурорлардың неғұрлым сәтті сөйлеген сөздерінің мәтіндерін басып шығару өте пайдалы. Мұндай жинақтар әсіресе жас мамандарға сотта сөз сөйлеуді дайындау, олардың біліктілігін арттыру және кәсіби деңгейін арттыру үшін қажет [7, 88-б.].

Бас Прокурор істерді соттарда объективті қарауды қамтамасыз ету, мемлекеттік айыптауды білікті қолдау және іс бойынша негізделген және заңды қорытынды беру жолымен заңды дұрыс қолдану, соттардың қылмыстық істерді қарауына белсенді қатысу, сот және тергеу қателіктерін түзету бойынша мәселелерді уақтылы қою, сот төрелігін іске асыру кезінде

кез келген заң бұзушылықтар бойынша пәрменді шаралар қабылдау міндеттерін қояды. Прокурорларға сотта орын алған ұстанымның заңдылығы мен құзыреттілігі үшін жеке жауапкершілік жүктелген.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесстік кодексінің қабылдануымен айыпталушыны сотқа беру сатысы іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу кезеңіне ауыстырылды және прокурорға жүктелген. Осыған байланысты прокурор тек қана жүргізілген тергеудің толықтығы, объективтілігі және негізділігін тексеріп қана қоймай, сондай-ақ өз пікірі мен шешімін іс жүргізумен ресімдейді, ол бойынша айыпталушыны сотқа беру туралы қаулы шығарады. Бұл прокурорға жүргізген тергеуі және оны сотта қарау нәтижесі үшін заңды түрде жеке жауапкершілік бекітеді, бұл прокурордан кәсіби білімді, заңдылықты бұзудың барлық фактілері бойынша принципті ұстануын және қабылданған шешімдер үшін жауапкершілікті талап етеді [8].

Прокурорлар қылмыстық іс қозғалғанға дейін алынған нақты деректер, мерзімін ұзартпай өтініш бойынша қабылданған шешімдер мен қылмыстар туралы хабарламалар (жоғары он күн, ерекше жағдайларда - бір айға дейін) рұқсат етілген дәлел ретінде танылуы мүмкін емес екенін білуі қажет.

Анықтау мерзімі аяқталғаннан кейін алынған нақты деректер іс бойынша іс жүргізуді қайта қалпына келтірмей тоқтата тұру кезеңінде оны тоқтата тұру(сараптама тағайындау жағдайларын қоспағанда) айыпталушыны іс материалдарымен таныстыру, айыптау қорытындысымен бірге іс прокурорда болғанда, жарамсыз дәлелдемелер деп танылады.

ҚР Қылмыстық-процестік кодексіне сәйкес нақты деректер, егер олар осы Кодекстің талаптары бұзыла отырып алынса, алынған нақты деректердің анықтығына сотқа дейінгі тергеп-тексеру немесе істі сотта қарау кезінде процеске қатысушыларды заңмен кепілдік берілген құқықтарынан айыру немесе құқықтарына қысым көрсету арқылы немесе қылмыстық процестің өзге де ережелерін бұзу арқылы ықпал етсе немесе ықпал етуі мүмкін болса, оның ішінде:

- 1) азаптауды, зорлық-зомбылықты, қорқытуды, алдауды, сол сияқты өзге де заңсыз әрекеттер мен қатыгез қарым-қатынасты қолдану арқылы;
- 2) қылмыстық процеске қатысатын адамға өз құқықтары мен міндеттері жөнінде түсіндірмеу, толық немесе дұрыс түсіндірмеу салдарынан туындаған оның жаңылысуын пайдалану арқылы;
- 3) осы қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыруға құқығы жоқ адамның процестік әрекетті жүргізуіне байланысты;
- 4) қарсылық білдірілуге жататын адамның процестік әрекетке қатысуына байланысты;

- 5) процесік әрекетті жүргізу тәртібін елеулі түрде бұзу арқылы;
- 6) белгісіз көзден не сот отырысында анықтала алмайтын көзден;
- 7) дәлелдеу барысында қазіргі заманғы ғылыми білімге қайшы келетін әдістерді қолдану арқылы алынса, дәлелдемелер ретінде пайдалануға жол берілмейді деп танылуға тиіс.

Қылмыстық процесте нақты деректердің дәлелдемелер ретінде пайдаланылуына жол бермеуді, сондай-ақ оларды шектеп пайдалану мүмкіндігін анықтау органы, анықтаушы, тергеуші, прокурор немесе сот өз бастамасы бойынша немесе тараптың өтінішхаты бойынша белгілейді [9, 241-б.]. Анықтау органы, анықтаушы, тергеуші, прокурор немесе судья дәлелдемелерге жол бермеу туралы мәселені шеше отырып, әрбір жағдайда жол берілген бұзушылықтың нақты қалай көрініс тапқанын анықтауға және уәжді шешім қабылдауға міндетті.

Егер күдіктінің, жәбірленушінің және куәнің айғақтары, сарапшының, маманның қорытындысы, заттай дәлелдемелер, тергеу және сот әрекеттерінің хаттамалары және өзге де құжаттар қылмыстық іс материалдарының тізімдемесіне енгізілмесе, оларды айыптау негізіне жатқызуға болмайды. Күдіктінің одан куә ретінде алдын ала жауап алу барысында берген айғақтары дәлелдемелер ретінде таныла алмайды және оларды оның жұбайына (зайыбына) және жақын туыстарына қарсы қолдануға, сондай-ақ күдіктіні айыптау негізіне жатқызуға болмайды.

Сот істерін талап еткен кезде іс жүргізу қарым-қатынасын қатаң сақтау қажет. Атап айтқанда істер қадағалау шағымы бойынша және прокуратура органдарының жұмыс жоспарын орындау үшін прокурорлардың бастамасы бойынша талап етілуі мүмкін. Бұл ретте сұрау салуда істі талап ету себептерін көрсету ұсынылады.

Олар бойынша сот актілері заңды күшіне енген істерді және жаңадан ашылған мән-жайларды сот және прокурор қадағалау тәртібімен тексереді [10, 41-б.].

Бас Прокурордың бұйрығына сай барлық прокуратура қызметкерлері сотта қаралатын істерге қатысып, білікті қорытынды беруге міндетті.

Қорытынды

Сапалы қадағалау жасау үшін прокуратурада сотта қаралатын және қаралған істердің есебі алынып, істер пәндік принципі және бекітілуіне байланысты көмекшілерге бекітіліп, олардың сапалы қадағалау жасауына басшылық жасалып отырады. Прокуратурада әрбір қылмыстық іс бойынша қадағалау өндірісі жасақталып, олар сотқа қатысатын қызметкерлерге тапсырылып, іс бойынша заңды шешім алынып, олар заң талабына сай орындалғанынша бақылауда болады [5, 86-б.].

Прокурор сотта қаралатын істермен алдын ала танысып, істің заң талабына сай тергелгенін тексеріп, сотта зерттеуге жататын мәселелерді анықтап, жоспарлап қоюы қажет. Іс қарау кезінде туындаған мәселелер бойынша басшыларына баяндап, тәжірибе алмасып отыру, заңдылықты нығайтуға көмектеседі. Іс қаралып болғаннан кейін сотқа қатысқан қызметкер прокурорға есеп береді. Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңы мен Бас Прокурордың бұйрығына сай прокурорлар өздері қатыспаған істер бойынша да сот қаулыларының заңдылығының міндетті түрде тексеріп, заңсыздық анықталған жағдайда, оны жоюға шара қарастыруы қажет. Барлық прокуратура органдары сотта іс қараудың және сотта мемлекеттік мүддені білдіру практикасын, заңдылықтың сақталу деңгейі мен прокурорлар ықпалының пәрменділігін қорытындылап, оның нәтижесі бойынша тиісті шешім алып отыруы, олардың жұмыстарын әрі қарай жоспарлауына оңтайлы көмек етеді [11.]. Әділ сот төрелігінің іске асуына ықпал ету мақсатында прокурорлар сотқа жіберілген істердің заңда көрсетілген мерзімінде қаралуы, сотталушылардың қамауда отыру мерзімінің сақталуы, сот отырысының кейінгі қалдырылуының, тағайындаған жазаның заңдылығына аса назар аударып отырады.

Пайдаланған деректер тізімі

1 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз (2022.19.09. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

2 **Қараулов, С. С.** Прокуратура – Қазақстан Республикасындағы заңдылықты қадағалауды жүзеге асырушы орган ретінде: Магистрлік диссертация. – 2012. – 121 б.

3 **Журсимбаев, С. К.** Правоохранительные органы Республики Казахстан: Учебник. – Алматы, 2010. – 400 с. С.140–166

4 **Алиев, М. М.** Суд и правоохранительные органы Республики Казахстан: Учебное пособие. – Алматы: Жеті жарғы, 2003. – 336 с. С. 182–194

5 Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231–V Қылмыстық-процестік кодексі (2024.05.09. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

6 Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қылмыстық кодексі (2024.09.09. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

7 **Мухамеджанов, Э. Б.** Прокуратура в зарубежных странах: Учебник. – Алматы: Нұр-Пресс, 2005. – 355 с.

8 **Қаражанов, Б. Н., Нурлин, А. Қ.** Прокуратура – заңдылықтың басты нышаны. // АқМУ Хабаршысы. Заң ғылымдары сериясы. – 2012. – № 2 (51).

9 **Журсимбаев, С. К., Кемали, Е. С.** Прокурорский надзор в Республике Казахстан: Учебник. – 3-е изд., доп. – Алматы: ТОО Лантар Трейд, 2021. – 354 с. С. 238–255

10 **Мухамеджанов, Э. Б.** Прокурорский надзор в Республике Казахстан - Алматы: Жеті жарғы, 2012. – 152 с.

11 **Lister, J. P. S. R.** The Role of Prosecutors in the Criminal Justice System. - Oxford Journal of Legal Studies. - 2011. – Vol. 31, No. 3. – P. 12–25.

References

1 Kazakhstan Respublikasy`ny`n Konstituciyasy` 1995 zhy`lgy` 30 tamy`z [Constitution Of The Republic Of Kazakhstan] (2022.19.09. berilgen ozgerister men toly`kty`rulary`men)

2 **Karaulov, S. S.** Prokuratura – Kazakhstan Respublikasy`ndary` zandy`ly`kty` kadagalaudy` zhuzege asy`rushy` organ retinde [Prosecutor`s office – as a body that monitors the rule of law in the Republic of Kazakhstan]: Magistrlik dissertaciya. – 2012. – 121 p.

3 **Zhursimbaev, S. K.** Pravoohranitel`ny`e organy` Respubliki Kazaxstan Uchebnik. [Law enforcement agencies of the Republic of Kazakhstan]: text book–Almaty`, 2010. – 400 p.

4 **Aliev, M. M.** Sud i pravooxranitel`ny`e organy` Respubliki Kazaxstan [The Court and law enforcement agencies of the Republic of Kazakhstan]: Uchebnoe posobie. – Almaty`: Zheti zhargy`, 2003. – 336 p.

5 Kazakhstan Respublikasy`ny`n 2014 zhy`lgy` 4 shildedegi № 231-V Ky`lmy`sty`k-procestik kodeksi [Criminal Procedure Code of the Republic of Kazakhstan] (2024.05.09. berilgen ozgerister men toly`kty`rularmen)

6 Kazakhstan Respublikasy`ny`n 2014 zhy`lgy` 3 shildedegi № 226-V Ky`lmy`sty`k kodeksi [Criminal Code of the Republic of Kazakhstan] (2024.09.09. berilgen ozgerister men toly`kty`rularmen)

7 **Muxamedzhanov E. B.** Prokuratura v zarubezhny`x stranah [Prosecutor`s offices in foreign countries]: Uchebnik. – Almaty: Nur-Press, 2005. – 355 p.

8 **Karazhanov, B. N., Nurlin, A. K.** Prokuratura – zandy`ly`kty`n basty`ny`shany` [The prosecutor`s office is the main symbol of the rule of law] // AkMU Habarshy`sy`. Zan gy`ly`mdary` seriyasy`. – 2012. – № 2 (51). 9.

9 **Zhursimbaev, S. K., Kemali, E. S.** Prokurorskiy nadzor v Respublike Kazakhstan Uchebnik. [Prosecutor`s supervision in the Republic of Kazakhstan]: text book– 3-е изд., доп. – Алматы: ТОО Лантар Трейд, 2021. – 354 p.

10 **Muxamedzhanov E. B.** Prokurorskiy nadzor v Respublike Kazakhstan [Prosecutor's supervision in the Republic of Kazakhstan] – Алматы: Zheti zhargy', 2012. – 152 с.

11 **Lister, J. P. S. R.** The Role of Prosecutors in the Criminal Justice System [The Role of Prosecutors in the Criminal Justice System]. // Oxford Journal of Legal Studies. – 2011. – Vol. 31, No. 3. – P. 12–25.

19.11.24 ж. баспаға түсті.

29.11.24 ж. түзетулерімен түсті.

04.12.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Н. Т. Санасыров

Экономический колледж университета «Нархоз»,

Республика Казахстан, г. Алматы.

Поступило в редакцию 19.11.24.

Поступило с исправлениями 29.11.24.

Принято в печать 04.12.24.

ВАЖНОСТЬ ПРЕДСТАВЛЕНИЯ ИНТЕРЕСОВ ГОСУДАРСТВА ОРГАНАМИ ПРОКУРАТУРЫ В СУДЕ

В статье рассматривается проблематика подбора и расстановки кадров в современной системе органов прокуратуры. Анализируется общая концепция приема на работу граждан в органы прокуратуры, обращается внимание на юридические и психологические аспекты. Проводится критический анализ сложившейся практики подбора сотрудников на прокурорские должности, а также нормативных актов, формулирующих психологические требования для будущих прокурорских работников. Дается правовая и психологическая характеристика работника прокуратуры, формулируются выводы и предложения, направленные на решение юридических и психологических проблем приема и расстановки кадров в системе органов прокуратуры. Одной из конституционных задач органов прокуратуры является представление интересов государства в суде по уголовным делам. Их главная задача в судебном деле – обеспечение законного и справедливого ведения разбирательства по уголовному делу. Выступая в суде, прокурор не должен придерживаться обвинительной стороны. Его основная цель – определить виновность или невиновность подсудимого. Все органы прокуратуры обобщают практику судебного разбирательства и

представления государственных интересов в суде, действенность законности и влияния прокуроров, по результатам которых получают соответствующее решение, оптимально помогают в дальнейшем планировании их работы.

Ключевые слова: Генеральный Прокурор, органы прокуратуры, уголовное дело, интересы государства, уголовное производство, прокурор, судебная власть

*N. T. Sanasyrov

Narkhoz University College of Economics, Republic of Kazakhstan, Almaty

Received 19.11.24

Received in revised form 29.11.24

Accepted for publication 04.12.24

THE IMPORTANCE OF REPRESENTING THE INTERESTS OF THE STATE BY THE PROSECUTOR'S OFFICE IN COURT

The article deals with the problems of recruitment and placement of personnel in the modern system of the prosecutor's office. The general concept of hiring citizens in the prosecutor's office is analyzed, attention is drawn to legal and psychological aspects. A critical analysis of the current practice of selecting employees for prosecutorial positions, as well as regulations that formulate psychological requirements for future prosecutorial employees, is carried out. The legal and psychological characteristics of the prosecutor's office employee are given, conclusions and proposals aimed at solving legal and psychological problems of recruitment and placement of personnel in the system of the prosecutor's office are formulated. One of the constitutional tasks of the prosecution authorities is to represent the interests of the state in court in criminal cases. Their main task in court proceedings is to ensure the legal and fair conduct of proceedings in a criminal case. Speaking in court, the prosecutor should not take the side of the prosecution. Its main purpose is to establish the guilt or innocence of the defendant. The fact that all prosecution bodies summarize the practice of considering cases in court and representing state interests in court, the level of legality and the effectiveness of the influence of prosecutors, as a result of which they make an appropriate decision, contributes to the further planning of their work.

Keywords: Prosecutor General, Prosecutor's office, criminal case, state interest, criminal procedure, prosecutor, judicial power.

Теруге 02.12.2024 ж. жіберілді. Басуға 30.12.2024 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

1,06 Мб RAM

Шартты баспа табағы 9,0.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген А. К. Мыржикова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4323

Сдано в набор 02.12.2024 г. Подписано в печать 30.12.2024 г.

Электронное издание

1,06 Мб RAM

Усл.п.л. 9,0. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка А. К. Мыржикова

Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4323

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

<https://vestnik.tou.edu.kz/>